

## «ОТБАСЫ» ЖӘНЕ «ШАҢЫРАҚ» КОНЦЕПТІСІ

**Нұрмұханбетқызы Бибінұр**

[bibinurmukhanbet@gmail.com](mailto:bibinurmukhanbet@gmail.com)

Л.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, «6802305 – Филология: қазақ тілі» білім беру бағдарламасының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – Ж. Өмірбекова

Қазіргі қазақ тіл білімінде мәдени, этномәдени зерттеулердің алар орны басым бағытқа ие болды. Бұл үдеріс әлемдік тіл біліміндегі үдеріспен тығыз байланысты екені белгілі жайт. Тіл, мәдениет, этнос арасындағы байланысты зерттейтін ғылым саласы ретінде танылған лингвомәдениеттанудың басты нысаны халық пен тіл, халық дүниетанымы мен дәстүрі. Бүгінгі тіл білімінің алға қойған мақсаттарының бірі ретінде осы тіл деректеріне сүйене отырып, халық санасындағы қалыптасқан заңдылықтардың себебін анықтау, не сол бағытта халық тарихының бір дереккөзі ретінде тілдің танылуын негіздеу болып табылады. Тіл біліміндегі концепт ұғымы мен концептілік өріс түсінігінің шегінде «отбасы» концептісінің және концептілік өрісінің басым деректері зерттеу нысаны ретінде талданып, белгілі нәтижелерге жеткізді. Тіл білімі ғалымдары ХХ ғасырдан бастап тілді танудың пастулаты ретінде екі тезиске арқа сүйеуде: 1) тіл санадан тыс өмір сүрмейді; 2) тіл ақиқатты ұғып-түсінудің терең философиясымен байланысты [1, 18 б]. Тіл мен мәдениеттің байланысы лингвомәдениеттанудың басты зерттеу нысаны. Тіл білімі мәселелерін әр түрлі ғылым салаларымен байланыста қарау кең көлемді зерттеулерге жол ашып, ғылыми нәтижелерге қол жеткізгені анық. ХХ ғасырдың екінші жартысынан бері қалыптасқан лингвомәдениеттану осындай пәнаралық бағыттардың бірі. Әуелде тіл мен мәдениет арақатынасы мәселелері түрлі деңгейлерде философтар Платон, И. Гердер, Э. Кант, т.б. еңбектерінде қарастырылса, бертін келе В. фон Гумбольдт, Э. Сепир, Б. Уорф, Кассирер, Л. Вайсгербер зерттеулерінде ғылыми ізденіс дәрежесінде көрініс тапты. Кеңес дәуірінде орыс ғалымдары: А. Потебня, Н. Топоров, В.В. Иванов, А.Толстой еңбектерінде, қазақстандық ғалымдар академик Ә. Қайдаров, Р. Сыздық, Е. Жанұзақов, Ж. Манкеева т.б. ғылыми еңбектерінде этнолингвистикалық бағытта зерделенді. Бүгінгі лингвистикадағы адамның санасындағы, танымындағы, ойлау үдерісіндегі құбылыстарды тілдік бірліктер арқылы көру, тану бағыты конитивтік лингвистика мен ұлт тілі мен мәдениетінің, дүниетанымының тілдік бейнеде көрінісін зерттейтін бағыт лингвомәдениеттанудың өзара жақын тұстары да, зерттеу нысанына әр тараптан келетін ерекшеліктері де бар. Соған қарамастан зерттеу нысаны ретінде алынып отырған «отбасы» концептісін талдау, талқылау барысында кең тараған тіл білімі жетістіктерін толық қолдануға көңіл бөлінді.

Қазақ тілінде «отбасы» ұғымын білдіретін бірнеше сөз бар. Олар отбасының белгілі бір қоғамдық орнын, әлеуметтік белгісін танытатын сипаттарға ие. «Үй», «үйелмен», «шаңырақ», «отау», «отбасы», «жанұя», «босаға», т.б. Бұл сөздердің концептілік мәні өз алдына «отбасы» концептінің мәнін ашуда, «отбасы» концептінің сипатын танытуда үлкен қызмет атқарады. Қазақ тіліндегі әр қилы сипаттағы концептілердің өрісі, сипаты, мәні өз алдына белгілі бір талдауларды, зерттеуді қажет еткендіктен, әзірге «отбасы» концептімен тікелей байланысты қырларын танытуды, сол бағытта ізденіс барысында кезіккен, танылған жақтарын ашықтауды жөн көрдік. Әуелі «үй» сөзінің «отбасы» концептісіне қатысты жақтарын ашықтасақ. «Үй» концептісі өз алдына, «үй іші», «үй болу», «үйге шақыру», «үйлі болу», «үйлену», т.б. сөздер мен сөз тіркестерінде кездесіп «отбасылық» маңызы бар сипаттағы ұғымдарды білдіреді. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде»: «үй – 1 Адам тұратын баспана; 2 Ауыс. Отбасы, үй іші» [2, 866 б] – деген анықтама берген. Бұдан біз «үй» сөзінің қазақ тіліндегі «отбасы» концептісімен бір

мәнде қолданылатынын байқаймыз. «Балалы үйдің ұрлығы жатпайды» деген секілді қазақ халқының көптеген нақылдарында да «үй» және «отбасы» сөздері бір мәнде қолданыла береді. Жалпы алғанда «үй» концептінің бірнеше ұғымдық мәні бар. Соның азына тоқталып өтсек. Әуелі «үй» концепті баспана мәнінде қолданылады. Бұл жағынан келгенде «үй» концепті мәдени мұралар қатарына жатады. Себебі, әлем халықтарының заттық мәдениетінің айғағы ретінде үй этностың, тайпаның, халықтың мекен-жайын білдіре отырып, олардың өмір сүру жағдайынан, тұрмыс-салтынан, әдет-ғұрпынан хабар береді. Басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, материалдық және рухани, эстетикалық дамуын көрсетеді. Ал мұндай жағдайдың бәрі тілімізде тіл білімінің этнолингвистика атты жаңа саласында қарастырылады. Ұлттық дәрежеде болған «үй» концептісінің тілдік деректерін этнолингвистикалық аспектіде қарастыру керек. Ондай аспектіде қарастыру үшін тіліміздің құндылықтарына, яғни мақалдар мен мәтелдеріне, көркемсөз байлығына мән берген дұрыс. «Отбасы» концептісін әмбебап мәнді концептілердің қатарына жатқызуға болады, себебі бұл концепт отбасының адамгершілік және ұлттық-төл (әлеуметтік, этикалық, адамгершілік) құндылықтарын көрсетеді. Отбасы концептісін және т.б өте жиі кездесетін концептілерді зерттеу кезінде жиып алған теориялық және тәжірбиелік білім мәдениаралық қарым – қатынас орнату кезінде лингвомәдени білімді қолдануға мүмкіндік береді. Ұлттық концептінің өзгешелігін айқын түсіну үшін оны басқа мәдениеттің концептісінің мазмұнымен салыстыру арқылы жүзеге асыруға болады. Біздің ұлттық лингвомәдениетіміз орыс тілі және орыс мәдениетінің әсер ету арқасында қалыптасқан, сондықтан отбасы концептісінің мазмұны орыс мәдениетіндегі отбасы концептісімен ұқсастықтары өте көп. Сол себептен бұл тақырыпты толығымен ашу мақсатында орыс тілі материалдарын жұмылдырылады [4, 3 б].

«Отбасы» концептісіне синонимдес «Жанұя» ұғымы қазақ сөзжасамының жетістіктерінің бірі. Бұл сөздік қолданысымызға енбей тұрып түрлі дау тудырған сөздердің қатарында. Дегенмен өзінің сәтті жасалу жолы мен айтуға жеңілдігінен қолданысқа еніп кетті. Сөздікте қысқа ғана «отбасы» деп түсінік берілген [7, 18].

Сонымен қатар «Жанұя» орыстың «семья» сөзінің қазақ тіліндегі баламасы немесе нұсқасы есебінде жасалды. Қазір «жанұя жарасымы», «жанұя жарастығы» секілді тіркестермен қатар қолданылады. Ұғымы отбасының ауыз бірлігі мол, жарасымды өмір сүріп отырғанын білдіреді.

«Отау» сөзі өз алдына баспана ұғымында қолданылғанымен «отбасы» мәнінде де жұмсалады. «Ақ отау», «жас отау» ұғымдары жаңа шаңырақ көтерген жұбайлардың үйіне айтылса, бір жағы олардың жас отбасы екенін айқындайтын сөз. Сонымен бірге олардың «отбасы» екенін ашықтайтын ұғым. Оның сөздіктегі анықтамасы да сөзімізге дәлел: «отау – жаңадан тұрмыс құрып, енші алып бөлінген ұлдың үйі; отау үй» [2, 643].

«Отбасы» концептісін көптеген ғылыми әдебиеттерде кездестіруге болады (Ю.В Железнова, А.А Мамедгасанова, Н.Н Занегина, М.А Терпак, А.С Трущинская, А.С Сказко, Е.С Сироткина). Жоғарыда атап кеткен ұлы ғұламалар өз еңбектерінде «Отбасы» концептісімен байланысты көптеген басқа да концептілерді негізге алған. Мәдениеттану, лингвомәдениеттану және когнитивті лингвистикада «Ана» концептісіне өте көптеген еңбектер арналған (Ж.Л Фландран, Л Стоун, Р Трамбэч, Э Шортер, А.Т Аллен, Ф Хейер, О Хаутон, П.А Андреева, Н.Л Пушкарева, Н.М Жанпеисова, Г Шокым және т.б). Неке, отбасы және туыстық қарым – қатынас мәселелерін көптеген қазақ ғалымдары да зерттеген болатын. Солардың ішінен ерекше Халел Арғынбаевтың «Қазақ отбасысы» атты еңбегін атап кетпеске болмақ [3], бұл еңбекте 20 жылдам астам қазақ этнографиясы мен архив деректердің материалын зерттеп, байқаған жұмысы болып табылады.

«Отбасы» концептілік өрісін шартты түрде мынадай 5 лексика-семантикалық топқа жіктеуге болады: 1) Мекендік; 2) Туысқандық; 3) Адамгершілік; 4) Эмоциялық; 5) Рухани және материалдық [8, 8].

Осы жүйелеу арқылы «отбасы» концептілік өрісі жоғарыдағы 5 топ бойынша мынандай нәтижелер береді:

Мекендік өрісі: отан; әулет; қарашаңырақ; шаңырақ; жанұя; ыстық ұя; тал бесік; туған үй; т.б. Туысқандық өрісі: жеті ата: түп ата, тек ата, арғы ата, баба, ата, әке, бала, немере, шөбере, шөпшек, немене, туажат, жекжат, жұрағат; ата, әже; әке, ана, шеше; аға, іні, қарындас; әпке, сіңлі; жиендер; т.б.

Адамгершілік өрісі: тәрбие; бауырмалдық; тазалық; адалдық; сыйластық; жауапкершілік; түсіністік; сенім; құрмет; т.б.

Эмоциялық өрісі: махаббат; сүйіспеншілік; қуаныш; шаттық; мейірімділік; бақыт; жылулық; аялы алақан; т.б.

Рухани және материалдық өрісі: еңбек; жақсылық жасау; рухани және материалдық байлық; қамқорлық; қол ұшын беру; қолдау; көмек беру; кеңес беру; сүйеніш болу; т.б.

Бес өріс негізінде өзге де қатынастарды, өзге де атауларды топтастыруға болады. Сонымен қатар өзге де топтарға топтастыратын тілдік санадағы ұғымдар мен түсініктер бар болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды.

«Отбасы» феномені көпқырлы және көпмағыналылығымен сипатталатындығын, оның бинарлы феномен екендігін, ал оны қарастырудың екі тәсілі (күрделі ішкі құрылымы бар әлеуметтік институт болып келетін макроорганизм ретінде; туыстық, некелік немесе ата-аналық қарымқатынастардың негізінде құрылатын кіші топ ретінде) барлығы аталды.

Қазақ халқының мәдениеті мен этнографиясы жөніндегі тағы бір маңызды еңбек ретінде Кенжеахметұлы С. 2000 жылғы Жеті қазына атты кітабын атасақ болады. Бұл еңбекте қазақ халқының тәрбиелік дәстүрлері, ырымдары мен тыйым сөздері, ұлағатты ұлттық ұғымдар және т.б. туралы мәліметтер бар. Тура осы тақырыптар жайында жазылған 1994 жылғы Қазақ халқының салт-дәстүрлері атты кітаптың да алар орны ерекше. Қазақ халқының некелесу дәстүрлері, той тойлау дәстүрлері және т.б. туралы Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер (А.1991), Қазақы неке (А.1994) атты еңбектер де бар. Қазақ отбасы жөнінде лингвистикалық зерттеулер қатарындағы Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры (А.2007) атты монографиясында қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры ауқымды да терең түрде зерттеліп жазылған. Отбасы жайлы 2007-2010 жылдар аралығында қорғалған бізге жолыққан диссертациялық жұмыстар мынандай тақырыптарда болды: Төлеубаева К. М. Қазақ және Орталық Азия халықтарының отбасы, отбасылық әдет-ғұрып, салт-саналары (салыстырмалы- этнографиялық зерттеу); Айтмұқашева А. А. Ғұрыптық фольклор лексикасы: идиоэтникалық семантика; Байғұтова А. М. "Қазақ әйелі" концептісінің этномәдени сипаты; Диуанова Р.К. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері. Қазіргі лингвистикада концептуалды зерттеулер негізгі екі бағыттың - когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттанудың шеңберінде белсенді түрде жүргізілуде. Көптеген концептуалды зерттеулер нәтижесі мен анықтамаларын саралап, когнитивтік лингвистика да лингвомәдениеттану да тіл білімінің антропоцентристік бағытқа сүйенген салалар екендігін түсінеміз.

Шаңырақ қазақ халқының күнделікті тіршілігінде, мәдени өмірінде ерекше орынға ие болуымен қатар, ол ұлттық санада сан түрлі танылып, тілімізде де өзіндік көрінісін тауып келеді. Негізінен, тілдік ұжым шаңырақты сң алдымен киіз үйдің құрылымдық бөлігі ретінде қабылдап, одан соң ақиқат дүниені, қоршаған ортаны тану арқылы оған жақын мағыналармен байланыстырып танымдық, тілдік тұрғыда интерпретациялайды. Шаңырақ ұғымы ең алдымен, өзінің тарихи болмысының түрлі қасиеттері негізінде мәдени концепті жасауға қатысады.

Сондай-ақ шаңырақ лексемасына қатысты тіліміздегі тұрақты тіркестерді және көркем мәтіндер мен мерзімді басылымдардағы қолданыстарды саралай келіп, қазақ дүниетанымындағы шаңырақ мәдени концептісін бірнеше микроконцептіге бөліп қарауға болатыны байқалды. Олар:

- 1) «Шаңырақ-баспана»;
- 2) «Шаңырақ- отбасы»;
- 3) «Шаңырақ- кіші әлем»;
- 4) «Шаңырақ- обсерватория».

«Шаңырақ - баспана» микроконцептісі. Шаңырақ ұғымы сөйлеу тілімізде және көркем мәтіндерде берілетін түрлі тілдік оралымдар арқылы «үй, баспана» мағынасын білдіреді. «Шаңырақ - баспана» микроконцептісінің құрылымдық элементтері – шаңырағына шоқ орнату, шаңырағын ортасына түсіру, шаңырағына қобыз ойнату (тартылу), қара шаңырақтан қан жаудыру, шаңыраққа қара, қара шаңырақ, шаңырақсыз т.б. тілдік бірліктер.

*Қара шаңырақ* тіркесін талдайтын болсақ, жалпы шаңырақ атадан әкеге, әкеден балаға, соның ішінде отбасындағы кенже ұлға мирас болар, үлкен үй мағынасында қолданылатын түркі әлемінде - мәдениеті мен дүниетанымында өте бір маңызды да, мәнді концептілер құрамына енеді. Оның дөңгелек формасының өзі символикалық белгілер жүйесінде шексіздік, ұрпақ жалғастығын білдіретінін де айта кеткен жөн [5, 80 б.]. Киіз үй тозғанда басқа бөліктері ауыстырылып, шаңырақ ешқашан ауыстырылмайды. Соған байланысты ошақта жанған оттың түтінінен шаңырақтың түсі күнгірттеніп, қап-қаратүске боялады. Ұрпақтан ұрпаққа берілетін шаңырақтың - «қара шаңырақ» аталуы содан деген халықтық пікірлер де бар. Үлкен ұлдары еншілерін алып, ата-аналарынан бөлек пықса, қара шаңыраққа кенже ұлы ие болып қалады. Кенже үлкенінен қалған дүниенің барлығына мұрагер болғандықтан «шаңырақ иесі», яғни сол үйдің иесі атанады. Үлкен ұл мен кенже ұлдың материалдық және рухани жағынан құқылары белгіленіп, дүние-мүліктердің бұлай бөлінуі қазақхалқының мындаған жылдар бойы қалыптасқан даналығының белгісі. Қара шаңырақ иесіне қатысты қазақтың мұрагерлік заңдылықтары туралы орыс ғалымы В.В.Радлов өзінің күнделігінде қызықты ақпарат береді [6, 255]. «Шаңырақ - отбасы» микроконцептісі. Шаңырақ ұғымы халқымыздың танымында киіз үйдің күмбезді сүйегі ретінде қабылдануымен қатар, таным, ақпарат, ойлаусекілді ұғымдық категориялары арқылы жүзеге асатын сөйлеу тілінде «отбасы», «әулет» мағынасында қолданылады. Шаңырақ – зат есебінде, киіз үйге тән мүлік. Уықтың басын біріктіріп тұратын - шаңырақ. Бейнелеп айтқанда, шаңырақ-әке, уық-шеше, алкереге-балалары. Бүләзаратолықтырып тұратын символдық теңеулер қазақтың дүниетанымында отбасы дегенді білдіреді. Ұлттық сана-сезім, дүниетаным, тәлім жағынан келгенде, шаңырақ- үй, отбасы, әулет одан жоғары халық ұғымын беретін, қазақ жұртының өсіп-өну ұйытқысын, дәстүр мен тәрбиесін, біртұтас бірлік-тірлігін білдіретін рухани- философиялық көркем балама. «Шаңырақ – отбасы» микроконцептісінің құрылымдық элементтері- алтын шаңырақ, шаңырағы құлау, шаңырақ көтеру, шаңырақ құрған, шаңырағы биік болсын, шаңырағы шайқалмасын т.б. тілдік бірліктер. Қазақтың мәдени-тілдік ұжымы үшін ақиқат дүниедегі шаңырақұғымы - бейбітшілік пен бақыттың, татулықтың белгісі ретінде отбасының, Отанның мұрасын бейнелейтін ерекше символдық таңба. Оны тіліміздегі бір шаңырақтың астында болу сөз оралымы, «шаңырағың шайқалмасын!», «шаңырағың биік болсын!» бата-тілектері арқылы байқауға болады. Мәселен, бір елдің болашағы, татулығы үшін қажырлы еңбек еткен сан түрлі ұлттарға қатысты бір шаңырақтың астында өмір сүреді деп айтылса, отбасының, кең мағынада Отанның бейбіт-берекесі, бақыты үшін «шаңырағың шайқалмасын!», «шаңырағың биік болсын!» деп тілек айтылады. «Шаңырақ - кіші әлем» микроконцептісі. Шаңырақ шексіз аспанның белгісі, мәңгілікке апаратын жол іспеттес. Қазақ танымында шаңырақ шеңберіндегі күлдіреуіштің крест түрінде бір-бірімен тоғысуы - оңтүстік, солтүстік, шығыс, батысқа қарай созылған

төртатыраптың бағытын білдіреді. Көшпенділер шаңырақ арқылы күн сәулесінің киіз үйдің ішіне түсуіне ерекше мән берген. Сондықтан да болар, жаңа түскен келін күн шықпай тұрып, күннің шығуымен бірге шаңырақүстіндегі түндігін түсіруге міндетті болған. Сондай- ақ, егер киіз үйге жоғарыдан төмен карасаныз, онда шаңырақ күнге, ал уық- керегелері оның сәулелеріне ұқсас. Халық санасындағы нұр жауып тұрған аспанға ұмтылуидеясы киіз үй құрылысынан да өз көрінісін табады.

«Отбасы» концептінің өрісі қазақ тілінде кең болуымен қатар, олардың қоғамдық санада алар орнының басымдығы да айқын мәселе. Мақалада көрініс тапқан концептілік өрістердің халық тұрмысында, қоғамдық өмірде болып жатқан жағдаяттарға себепкерлік тұрғыдан қарағанда әлеуметтік және де қоғамдық қатынастардың өзіндік жүйемен дамуы осы халық данылығынан туған, халық тарихымен тығыз байланысты тілдік бірліктерде айқын көрініс табатындығын аңғару қиын емес. Оған зерттеу барысында да көз жеткіздік. «Отбасы» феномені көпқырлы және көпмағыналығымен сипатталатындығын, оның бинарлы феномен екендігін, ал оны қарастырудың екі тәсілі (күрделі ішкі құрылымы бар әлеуметтік институт болып келетін макроорганизм ретінде; туыстық, некелік немесе ата-аналық қарымқатынастардың негізінде құрылатын кіші топ ретінде) барлығы аталды. Лингвомәдени және когнитивтік зерттеулердің ұштасу нәтижесіндегі «отбасы» концептісін ашудағы рөлі қарастырылып, тіл мен мәдениеттің өзара байланысы лингвомәдениеттану атты жаңа ғылымның қалыптасуына, ал тіл мен ойлау үдерісінің өзара байланысын зерттеу когнитивтік лингвистика ғылымының қалыптасуына әкелді. Лингвомәдениеттану мен когнитивтік лингвистиканың методологияларының ұқсастығын аталып, екі ғылыми саланың негізгі бірлігі концепт (лингвомәдени немесе мәдени концепт; когнитивтік концепт) екендігі айқындалды. Адам мәдениеті мен санасында ең маңызды да өмірлік концепттер, туыстық компоненттер болып келетін отбасы / үй / шаңырақ / отау / босаға концептері гиперконцепттер екендігі айқындалды. Сонымен қатар «отбасы» концептінің өрісі негізінде халық тұрмысы мен мәдениетіне біршама шолу жасалынды. Бұл тілдік бірліктердің халық тарихы мен мәдениеті, дүниетанымы мен әлемнің тілдік бейнесіндегі орнын көрсететін факторлар.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Момынова Б. Тілдегі жаңа бағыттар мен типтік қатынастар: оқу құралы / толықтырылып екінші басылуы. – Алматы: Арыс, 2012. – 176 б.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
3. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасысы. Алматы: Қайнар, 1996. -288 с.
4. Мукушева Гульмира Амангельдыевна, Рыспаева Д.С. «Отбасы» концептінің лингвомәдени сипаттамасы
5. Ислам А. Ұлттық мәдениет контекстіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): Фил. ғыл. д-ры дис. 10.02.02. – Алматы. 2004. – 340 б.
6. Исаева Г.С. Киіз үйге қатысты атаулардың этномәдени негізі. – Алматы, 2008. – 31 б.
7. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 6-том: Ж-Ж / құрастырғандар: Ж. Қоңыратбаева, Ғ. Қалиев, Қ. Есенова және т.б. – Алматы: Арыс, 2007. – 752 б.
8. Қазақ тіліндегі «отбасы» концептісі және концептілік өрісі / Мәжит Б. – Алматы, 2017

ӘОЖ 811.512.122

#### **ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ**